

Әкімдіктің 2020 жылғы 17 ақпандағы № 25 "2020 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Мерзімі біткен

Қостанай облысы Жітіқара ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 8 шілдедегі № 148 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 10 шілдеде № 9320 болып тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабы 2-тармағына, "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 4-тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес Жітіқара ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жітіқара ауданы әкімдігінің "2020 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы" 2020 жылғы 17 ақпандағы № 25 қаулысына (2020 жылғы 6 наурызда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8993 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Жітіқара ауданы әкімдігінің білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

- 1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;
- 2) осы қаулыны ресми жарияланғанынан кейін Жітіқара ауданы әкімдігінің интернет – ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Жітіқара ауданының әкімі

А. Ибраев

Жітіқара
ауданы әкімдігінің
2020 жылғы 8 шілдедегі
№ 148 қаулысына
қосымша

Жітіқара

Жітіқара ауданының мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында 2020 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, ата-ана төлемақысының мөлшері

№	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының әкімшілік-аумақтық орналасуы	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының атауы	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы		Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында ата-ананың бір айдағы төлемақы мөлшері (теңге)
			Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының тәрбиеленушілер саны	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында бір тәрбиеленушіге жұмсалатын шығыстардың бір айдағы орташа құны (теңге)	
1	Жітіқара қаласы	"Жітіқара ауданының Жітіқара қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің "Қарлығаш" балабақшасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	150	29622	3 жастан бастап 12000
2	Жітіқара қаласы	"Дружба - 97" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	150	29622	3 жасқа дейін 10000 3 жастан бастап 12000
			15	38904	3 жасқа дейін 10000 3 жастан бастап 12000
3	Жітіқара қаласы	"Юбилейное" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	195	29622	3 жасқа дейін 10000 3 жастан бастап 12000
4	Жітіқара қаласы	"КМ Бөбек" жауапкершілігі	95	29622	3 жасқа дейін 10000

		шектеулі серіктестігі			3 жастан бастап 12000
5	Жітіқара қаласы	"Жітіқара ауданының Жітіқара қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің Балапан" балабақшасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	" 190	29622	3 жасқа дейін 10000 3 жастан бастап 12000

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК